

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Қабдиева Әдия Бауржанқызы

kabdiyeva00@mail.ru

«Шетел тілдері және мәдениетаралық байланыс» білім бағдарламасының 2 курс
магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., – **Султангубиева А.А.**

Қазіргі кезде коммуникацияның рөлі артты. Коммуникация барлық сфераға өз әсерін тигізетін ең күшті құрал болып отыр. Коммуникация қоғам дамуының, қызметінің, құрылуының шарты және ең маңызды құрамды жүйесі, адамдардың жетістікке жетуінің негізі. Коммуникативтік әдіс оқу процесіне белсенді еніп, пәндерді оқытуда тиімді нәтиже беретін әдіске айналды. Оқушылардың білімдік ортада коммуникативтік бейімділігін қалыптастыруда дайындықтың тиімсіз болуының негізгі себептерінің бірі - коммуникативтік құзыреттіліктің мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру формаларының дұрыс құрылмауы.

Ғылымда бұл мәселенің айқын теориялық алғышарттары қарастырылған. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде жоғары білім беру және оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру С.П.Баранов, Ю.К.Бабанский еңбектерінде, мектеп балаларын дамыту ерекшеліктері В.В.Давыдов, Л.В.Занков жұмыстарында қарастырылды.

Елімізде жеке тұлғалық дамуын, өз бетімен білім алуы, икемділік пен дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары мен тәрбиесі тұрғысынан А.Х.Аренова, Ә.С.Әмірова, С.Н.Жиенбаева, Р.М.Қоянбаев, Ә.М.Мұханбетжанова, Р.К.Төлеубекова, Б.А.Тұрғынбаева зерттеген.

Әрекеттесудің тұлғааралық коммуникативтік кеңістігін құрудың мәдениеті мен ерекшеліктеріне арналған еңбектер: өмірлік жағдаяттарда коммуникативтік өзара әрекеттесудің теориялары (Н.В.Кузьмина, В.М.Коротов); әдіснамалық аспектісі (А.А.Бодалев, А.Н.Леонтьев); психологиялық ерекшеліктері (А.Б.Добрович, А.А.Калюжный); қарым-қатынастағы құзыреттілік және қарым-қатынастағы келіспеушілік құзыреттілігінің сипаты (Л.А.Петровская); қарым-қатынасқа оқыту мәселесі (Н.К.Стамгалиева, Г.З.Молдахметова).

Құзыреттілік теориясы Дж.Равен, В.А.Кальней, И.А.Зимняя А.К.Маркова, В.В.Сериков, А.В.Тихоненко, А.В.Хуторской, қазақстандық ғалымдар Қ.Қ.Жампейсова, Ә.М.Мұханбетжанова, К.С.Құдайбергенова зерттеулерінде орын алған.

Оқушының кең ауқымды дағдыларын яғни құзыреттілігін қалыптастыру негізгі міндет ретінде орын алады.

Бұл міндеттерді іске асырудың қарастырылуы қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің біріне айналып, оның жолдарын зерттеу қажеттігі анықталды.

Білім алушының коммуникативті құзыреттілігі үрдісінде түрлі жанрдағы мәтіндер дидактикалық бірліктер болады. Олар оқушының бейімделгіш қасиетінің дамуына жағдай тудырады. Осы бөлімді жоғарыда аталған ұғымдарға тоқталсақ бұл жерде құзырет пен іскерлік ұғымдарын ажырату қажет. Іскерлік - спецификалық ситуациядағы іс-әрекет, ал құзырет – іскерлікті, іс - әрекетті бақылаудан алынатын сипаттама. Осылайша, іскерлік - бұл іс - әрекеттегі құзырет.

Оқушы өзінің ішкі тұлғалық сапаларын жүзеге асыра отырып, сауатты және шешен тілмен сөйлей алатын адам болу керек. Тындай білу іскерлігі, оқушылардың тілдік әрекеті мен оқу процесіндегі әңгімелесуге жетекші бола білуі керек, логикалық дәлелдерін оқушының біліміне қарай бағдарлау керек, аудиторияға сәйкес келетін тілдік стильді ұстану

қажет.

Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша адамдардың көпшілігі тиімді тыңдау дағдыларын, яғни тыңдау мәдениетін меңгермеген. Зерттеушілер тыңдау процесін пассивті процесс ретінде түсіндіреді, бірақ ол белсенді процеске айналуы керек. Сондықтан тілдік коммуникация кезінде ақпараттың жоғалуының көрсеткіші жоғарылайды.

Тыңдау игеруге тиісті белгілі бір дағдыларды қажетсінеді. Қатысымның нәтижесіне қол жеткізу көп жағдайда адамның кері байланыс орната алуына байланысты, яғни монологты диалогқа айналдыру.

К.Рудестамның пікірінше, белсенді тыңдау дегеніміз – адамның өзінің естіген ақпаратына жауапты болуы, алған материалға сенімді болу үшін оны нақтылап, бекітіп, мәнін түсініп, егер түсінбесе сұраудың көмегімен нақтылау қажет.

Белсенді тыңдаудың 4 түрін бөліп көрсетеді: нақтылау, сөйлеушінің ойын қайта айту, сезімдерді бейнелеу, түйіндеу. Нақтылау – айтылған ойды нақтылау үшін тыңдаушының сөйлеушіге бағдарлануы, төмендегідей сөздер қолданылады: Тағы да қайталайсыз ба?, Түсінген жоқпын, Сіз не айтқыңыз келеді? Бұл тәсілді қолдану кезінде қарапайым ескерту жеткілікті, сөйлеуші өзінің ойын нақты түрде айтпай отырғанын түсінеді.

Сөйлеушінің ойын қайта айту - тыңдаушы қабылдаған ақпаратының дұрыстығын тексеру мақсатында қайтадан кері айтады. Мұндай жағдайда пікірлер төмендегідей сөздерден басталады: Менің түсінуімше..., Сіздің айтуыңызша..., Сіздің пікіріңізше... Қайта айту кезінде идея мен мәніне көңіл аударады, сөйлеушінің сезіміне көңіл аударылмайды. Сөйлеушінің сөзінің құрылысын өзгертіп, қайта айту қажет, сөзбе-сөз қайталау тыңдамағандықтың себебінен болады.

Сезімдерді бейнелеу кезінде сезім мен көңіл-күйге көңіл аударылады, төмендегідей сөздер қолданылады: Менің ойымша, сіз сезініп тұрсыз..., Сіздің сезіміңізге орай..., т.б. көңіл-күйді нақты айыра білу керек, тыңдаушыдан сезімдер мен қайғыруларды ажырата білу керек.

Сөйлеушінің мимикасын, дене қимылдарын, интонациясын, дауыс тембрін қадағалап, мұқият болу керек. Сөйлеушінің негізгі идеялары мен сезімдерін түйіндеу – ұзақ әңгімелесу барысында қолданылады, диалогтың бөліктерін белгілі бір мәндік бірлікке біріктіру. Бұл әңгімені тыңдаушының қабылдаған ақпаратына деген сенімділігін арттырады, ал сөйлеуші өзінің ақпаратының жеткендігіне сенімді болады.

Білім алушының коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуы маңызды сапаларды қалыптастыру деп аталатын кең және күрделі бір мәселенің ең негізгі бөлігі. Осы мәселенің практикада жүзеге асырылуы және шешілуі тұлғаның жетістік деңгейін көтереді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, біз қарастырып отырған құзыреттілік мына сапалардан көрінеді: элеуметтік сенситивтілік, элеуметтік байқампаздық, ес және ойлау, рефлексиялық әрекетте көрінетін қиял, эмоционалды қайғырушылық (эмпатия) сол сияқты пәндер мен коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз ететін практикалық дағдылардан (элеуметтік перцепцияны меңгеру, көру ғана жеткіліксіз, түсіне білу қажет, яғни тұлғасын жағымды жобалау, оның психикалық күйін сыртқы белгілері арқылы тану; өзара қатысымда өзін ұстай білу; психологиялық тұрғыда өз сөзін құрастыра білу, яғни қатынастағы түрлі дағдыларды игеруде(А.А.Леонтьев) көрінеді.

Коммуникативтік қасиеттер жүйесін коммуникативтік қабілеттер, жүйке жүйесіне қызметіне қатысты жеке – психологиялық қасиеттер (темперамент, мінез-құлық), мінездің коммуникативтік сипаттары, тұлғаның эмоционалды-еріктік сферасы құрайды.

Мүмкіндік адамның психофизиологиялық, психикалық, тұлғалық ерекшеліктерімен анықталады. Коммуникативтік әрекет адамның коммуникативтік қабілеті мен коммуникативтік құзыреттілік жүйесіне байланысты.

Түрткілер сыртқы, ішкі әсерлерден пайда болады және тұлғаның коммуникативтік қасиеттерімен байланысты.

Мотивация – мотивтермен анықталатын коммуникацияға деген ұмтылыс.

Коммуникативтік дағдының әлеуметтік – психологиялық деңгейден, танымдық, іс-әрекеттік, қатысым процесінде адамдардың өзара әрекеттесуінен көрінеді. Әлеуметтік-психологиялық деңгейде коммуникативтік құзіреттіліктің пайда болу ерекшелігіне жеке-психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктер де әсер етеді.

Тұлғаның коммуникативті қалыптасуына тиімді әсер ету үшін болашақ әрекетіндегі коммуникативтік қызметтің маңызына тоқталу қажет. Г.М. Андреева коммуникативтік қызметтерді төмендегідей етіп бөледі: коммуникативтік, перцептивті, интерактивті.

Коммуникацияның ақпараттық қызметі. Оқу процесі коммуникацияның ақпараттық функцияларын қолдануды негізге алады. Бұл жағдайда коммуникация ақпарат беру, оқыту, нұсқау беру ретінде қолданылады.

Басқа да ғалымдар оның бірнеше (Б.Ф. Ломов) қызметін бөліп көрсетеді: ақпараттық-коммуникативтік, реттеушілік-коммуникативті, аффективті-коммуникативті.

Педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық құралдардың көмегімен оқушыларды белсендендіреді. Коммуникативті әрекеттің перцептивті қызметі субъектілердің түсінісуіне негізделген, коммуникация мақсатына жету үшін қатынасушылардың білімдерді пайдалануы.

Қатысым бойынша бірін бірі қабылдай алуы көптеген өмірлік тәжірибеге немесе әдеби шығармалар мен баспасөз ақпарат құралдары әсеріне негізделген стереотиптерге байланысты. Стереотип – ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында қоғамда қабылданған пікірлер.

Қабылдауға тұрмыстық стереотиптер өзіндік тұрмыстық негізде стихиялы пайда болған пікірлер. Тұлғааралық қабылдаудың ең маңызды факторы – құрылғы. Адамның қабылдауындағы құрылғы адамның жетістіктері мен кемшіліктерін мұқият талдау негізінде қалыптасады.

Қатысымдағы коммуникативтік құрылғысы – бұл әріптестердің мінез – құлқындағы өзіндік бағдарламасы. Индивидтің құрылғы деңгейіне пәндік – тақырыптық қызығушылықтар, эмоционалды – бағалаушылық қарым-қатынас жатады.

Егер адамдармен қарым-қатынас барысында болатын жағымды және жағымсыз күйлерді бағалай алған жағдайда өзін жетілдіре алады. Адамның қабылдауындағы эмоционалдык эмпатия секілді қасиеттен көрінеді. Эмпатия – «басқа адамның психикасына ену арқылы оның сезімін есепке ала отырып, қайғыра алу қабілеті» .

Басқа адамды танудың негізгі механизмдеріне идентификация мен рефлексия жатады. Идентификация - өзін басқа адаммен теңестіру, ұқсастыру.

Идентификация негізінде белгілі бір қасиеттерге сәйкес тұлғаның типі анықталады, бейнелеу, жалпылау, классификациялау жүзеге асады.

Субъект-субъектілі қатысуда коммуникацияның интерактивті қызметі жүргізіледі. Қатысушылардың ойлауы, мінез-құлқы, білім қоры, әлемге деген қатынасы, практикалық дағдылары, қызығушылықтары, психикалық күйі, мақсаты, пікірі, көңіл-күйі, қажеттіліктері, белсенділігі т.б. өзгеріске ұшырайды. Көптеген жағдайда бұлар стихиялы түрде болғандықтан әсер ету екі жақты процеске ие. Мысалы, жаңа білімді беру және білімдерді қолдана білу мақсатында жүргізілетіндіктен, оқушы айтылған ақпаратты түсінбесе, онда оқытушы материалды ұсыну әдістемесін өзгертеді. Бұл жағдайда оқытушы оқушыға әсер етуге көмектесетін өзінің коммуникативтік құзыреттілігін пайдаланады.

Білім алушылардың әртүрлі мотивтеріне сүйене отырып, оқу процесін тиімділігін арттыру үшін коммуникативтік құзыреттілік деңгейін көтереді. Оқушы мотивтері: ситуациялық – проблемалық, материалдық, әлеуметтік, өзін жүзеге асыру мотиві. Коммуникативтік құзыреттілік балалармен кері байланысты орната білуінен көрінеді, қарым-қатынас диалогтық және монологтық формада қолданылады.

Әлеуметтік психология мен педагогика саласындағы зерттеулерді талдау көрсеткендей, көптеген ғалымдар (А.А. Реан, А.А. Леонтьев, Л.М. Митина, Н.И. Шевандрин) коммуникативтілікті адамдардың өзара әрекетінің сипатымен; адамдардың қарым-қатынастағы қабілеттіліктермен; білім және іскерліктермен байланыстырады.

Әдебиеттерде коммуникативтік меңгерудің нәтижесі ретінде оның нормаларын игеру деңгейі ретінде қарастырылады. Бұл құзыреттілік этноәлеуметтік эталондарды, мінез-құлық стереотиптерін меңгеру, қатысым техникасын игеру деңгейі.

Коммуникативтілікті оқыту процесіне ендіру үшін оқытушының психологиялық дайындығы, коммуникативтіліктің қажеттілігі жөніндегі оның ұмтылысы, бұл бағыттың тиімділігі жөнінде сенімі болуы керек. Аталған құзыреттілік тілдік әрекеттің барлық түрлерінде қалыптасады – тыңдауда, сөйлеуде, оқуда, жазуда.

А.В. Мудриктің қарым-қатынасты ұйымдастыруды анықтайтын тұлғаның төмендегідей параметрлерін бөліп көрсетеді: ойлау ерекшелігі, тілді еркін меңгеру, тілтабысқыштық, эмпатия, анық әлеуметтік, құрылымдық (мысалы, қатынаста қызығушылықтың туындауы, т.б.), коммуникативтік іскерліктер, уақыт, әріптес, қарым-қатынас, ситуациялар бойынша бағдарлану.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі педагогтың коммуникативтік іскерліктерін талдай келе, екі негізгі топты бөліп алуға болады:

- жалпы коммуникативтік іскерліктер (кездейсоқ немесе тренингтік топтарда қалыптасады);
- арнайы коммуникативтік іскерліктер (арнайы ұйымдастырылған практикалық сабақтар барысында қалыптасады).

Жоғарыда аталған зерттеушілердің (Т.Н.Лобанова Ю.А.Тихомиров) құзыреттілік туралы анықталған теорияларында тұлға құзыреттілігінің келесідей құрылымын қарастырады:

1. Ойлау арқылы процестердің дамуын көру, тенденциясының дәл болжамын құру;
2. Аналитикалық қабілеттер: мәселені шешудегі логикалылық, әдістемелілік, ұқыптылық, рационалдылық, болжамдық, ойларды дұрыс байланыстыра алу, бірізді әрекет ету

Оқыту субъектілерінің құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық моделі:

- оқу құзыреттілігінің құрылымы мен құрамын анықтау;
- оқытудың субъектілерінің құрылымын құру;
- оқыту үдерісінің мазмұнын жобалау (білім беру кеңістігіндегі мақсаттылық, операциялық-техникалық, әдістемелік компоненттер).

Қатысым субъектілер түсінісуде күрделі процесс ретінде төмендегідей негізгі каналдар арқылы жүзеге асады: тілдік (вербальды-латыншадан аударғанда ауызша, сөздік) және тілден басқа (вербальсыз). Тіл –бір уақытта ақпараттың негізгі көзі және әрекеттесу тәсілі.

Ресейлік ғалым С.А. Борлакованың зерттеулерін талдай отырып, қатынастың тілдік құрылымын былай бөлуге болады:

- 1) Сөздердің, фразалардың мәні мен мағынасы. Маңызды орынды сөздерді қолданудың нақтылығы, дәлдігі алады, оның көркемдігі және қол жетерлік болуы, фразалардың дұрыс құрылуы, дыбыстардың, сөздердің дұрыс айтылуы, интонацияның мәні.
- 2) Тілдік дыбыстық құбылыстар: сөздің жылдамдығы (шапшаң, орташа, жай), дауыстың жоғары модуляциясы, ритм, тембр, интонация, дикция. Байқаулар көрсеткендей, қарым-қатынаста ең жағымдысы сөздің жайлы, орнықты қолданылуы.
- 3) Дауыстың сапасы: қатысымда болатын дыбыстың сипатты белгілері, күлкі, жылау, сыбырлау, жөтел, нольдік дыбыстар-үзіліс.

Тілдік қатынас ғалымдардың зерттеулері бойынша, әр күн сайын коммуникация барысына адам сөзінің 9 пайызы дыбыстар және 38 пайызы интонация, тілдік емес өзара әрекеттер 53 пайызды құрайды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше ақпаратты беру үшін тілдік каналдар қолданылады, тілдік емес каналдарда тұлғааралық қарым-қатынасты «талқылау» үшін қолданылады, кейбір жағдайларда сөздік пікірлесумен қатар қолданылады. Қатынастың сөздік еместігінің құнды болуы оның санасыз және еріксіз шығуы, бейсаналы импульстермен шартталған, сөздік емес құралдар шынайы шығады,

тілдік әрекетке қарағанда сенуге болады.

Тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігінің ерекшелігі тұлғааралық тану, тұлғалар арасындағы қатысымның теориялық дайындығын құрайды, оған логика заңдарын білу, сөздік этикетті меңгеру, коммуникативтік технологияларды игеру жатады.

Коммуникативтік құзыреттілікке білім, іскерліктер, өзіндік реттелу қабілеті, эмпатия, өзара әрекеттесу мәдениеті жатады. Коммуникативтік құзыреттілік гуманистік бағытталудан, басқаны сезіне білу қабілетінен, оны жағымды қабылдап, ынтымақтасуға, өзара әрекеттесуге дайын болуынан, эмпатиядан көрінеді.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда көптеген пәндердің маңызы зор. Оқу процесінде, тәрбие процесінде коммуникативтік идеялар мен технологияларды қолдану топтық және ұжымдық ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Л.Л. Федорованың пікірінше, коммуникативтік идеялар мен технологияларды, пәндерді игерсе, төмендегідей коммуникативтік қызметтер жүзеге асады:

- оқудың мақсатына, мазмұнына, ұйымдастыру формалары мен әдістеріне қатынасты құру;
- оқу процесінің шығармашылық сипатын және материалды меңгерудің жоғары деңгейіндегі әлеуметтік-психологиялық коммуникативтік байланысты орнату;
- тұлғалар аралық қатынас кезінде сенімді және мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыру; оқу процесіндегі тұлғалық бағдарланған коммуникативтік өзара әрекеттесу.

В.Н. Мясичев пікірінде қарым-қатынастың 3 аспектісін бөліп көрсетеді: *когнитивті*, шындықтағы нақты құбылысты тану нәтижесі;

эмоционалды, объектіге бағытталған барлық эмоциялық сфераны интеграциялау;

мінез-құлықтық, объектілерге өзекті түрде жауап беру.

Когнитивті аспект қарастырады: психикалық күйді тану, мінез-құлықтың, жағымсыз реакциялардың, жанұялық-тұрмыстық жағдайлардың арасындағы байланыстарды талдау, т.б.

Эмоционалды аспект төмендегідей элементтерді біріктіреді: оқушыларға деген эмоционалды қарым-қатынас, ішкі жан дүниесін түсіну. В.Н. Мясичев эмоционалды аспектін түсіндіруде 3 түрлі қасиетке мән береді: децентрация – басқа адамды шын ниетімен қабылдау, идентификация- өзін басқаның орнына қоя білу, эмпатия – басқа адамның қайғысын немесе қуанышын өзінікі секілді қабылдау.

Мінез-құлықтық аспект – жоғары құндылықтарды меңгерген адам әрбір адамға шын қызығушылығын білдіре алады, қарым-қатынасқа түсушінің жағымды психикалық қасиеттерін ескеріп, қатынас орнықтырады.

Қарым-қатынастың мінез-құлықтық компоненті іс-әрекетті, мінез-құлықты, кеңістікте орналасуды қарастырады, мимикадан, жест, пантомимикадан, сөзден көрінеді.

Эмоционалды компонент әртүрлі эмоционалды күйден, жағымды және жағымсыз эмоциялардан, келіспеушіліктен, қанағаттанушылықтан, эмоционалды сезімталдықтан көрінеді.

Когнитивті компонент қоршаған ортаны танумен байланысты психикалық процестерден көрінеді (түйсік, қабылдау, ес, елес, қиял, ойлау).

Оқушының коммуникативтік құзыреттілігіне оның бағытталуын, құрылымын, құндылықтық бағдарлануын, дүниеге көзқарасын анықтайтын тұлға сапалары енеді:

- аффилиацияға ұмтылу,
- адамның өзіндік пікірі мен ойлау еркіндігі құқына құрметпен қарау,
- эмпатия,
- тұлға ретінде адамның құндылықтарын сыйлау,
- адамның қасиеттерін құрметтеу, басқа адамдарға көмек беруге дайындық.

Зерттеу барысында жоғары сыныптың оқыту жүйесінде топтық оқыту, диалогтық қарым-қатынастар, тапсырмалар шарттары, деңгейлері, өлшемдері мен көрсеткіштері жасалды. Зерттеудің міндеттеріне сәйкес *когнитивтік, құндылықтық-мотивациялық, сөйлеу әрекеті* өлшемдері алынды.

| | | | | |
|-----------------------|---|---|---|--|
| Сөйлеу әрекеті | сөзді түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білуі сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгеруі, ұжымдық өзара қарым-қатынасқа түсуі | пікірталаста ақпараттың талап етілетін мазмұнын қабылдайды, талқылауға белсенді араласады, жұмысты орындау барысында міндеттерді белгілейді | Ұйымдастыруы енжар, әріптесінің пікірін тыңдайды, жұмысты орындау барысында міндеттерді бөліседі, сөзді түрлі қолданады | жұмысты ұйымдастыра алмайды, негізінен орындаушы қызметін атқарады, сөзді түрлі қатынаста қолдана білмейді |
|-----------------------|---|---|---|--|

Кесте 1 –Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

| Өл Шем дер | Көрсеткіштер | Деңгейлер | | |
|---------------------------------|--|---|--|---|
| | | Жоғары | Орта | Төмен |
| КОГНИТИВТІК | қажетті ақпаратты таңдау және бағалау, лингвистикалық талдау | ойын еркін түрде рәсімдейді, мәселені толық баяндайды. құралдарды сауатты пайдаланады | өз ойын берілген үлгіге сәйкес мұғалім көмегімен рәсімдейді, құралдарды толық пайдалана білмейді | қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орындайды, құрылымда бағдар жасай алмайды, ойы шашыраңқы |
| Мотивациялық-құндылықтық | қызығушылық және белсенділік, қарым-қатынасты құндылық ретінде | шынайы қызығушылық танытады, қызығушылығы басым, қарым-қатынасты орнатуға бейім | шешімін мұғалімнің талабымен іздестіреді, өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда мақсат тұтпайды | мәселені шешуге қызықпайды, енжар, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды |

Аталған міндеттердің нәтижелігін тексеру мақсатында Атырау қаласының Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL мектебінде тәжірибе-эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, сынақтан өткізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетжанова Ә.М., Тұлғалық бағдарлы білім берудің теориялық негіздері. Орал, 2016. – 250 бет.
2. Кенжебеков Б.К. Жоғары оқу жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. автореф — Алматы, 2011. — 40 б.
3. Нургалиева Г.К. Система ценностных ориентации учащихся. - Алматы: АГУ им. Абая, 2013.- с.

4. Бұзаубақова К.Н. Жаңа педагогикалық технология // Қазақстан мектебі- Алматы, 2015. - №4. - С.5.